"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Түркістан қ., Жаңа Қала Шағын ауданы 32 көшесі, № 20 үй

Государственное учреждение "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области"

г.Туркестан, Микрорайон Жаңа Қала улица 32, дом № 20

Дәлелді бас тарту

"Мөлдір су" өндірістік кооперативі

Күні: 04.02.2026

Нөмір: KZ08VCZ14693807

160600, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ОРДАБАСЫ АУДАНЫ, БАДАМ А.О., ОРДАБАСЫ А., ОРАЗБАЕВА көшесі, № 9 үй

"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Сіздің 29-жел-25 ж. № KZ03RXX00048655 өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды:

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 123-бабының 4-тармағына сәйкес, 21.01 .2026 жылғы №KZ03RXX00048655 жолданған дәлелді ескертулер толық түзетілмеуіне байланысты өтінімді қарастырудан қайтаратындығын хабарлайды.
Атап айтқанда, II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін ұсынылған жобалар бойынша келесі ескертулер түзетілмеген:
1. Қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері нормативтері жобасы Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы) 12-қосымшасына сәйкес әзірленбеген.
Қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері бөлігінде эмиссиялар нормативтері жобасының құрамында:
- аңдатпа мәтіні ластаушы заттардың санын; объект бойынша жалпы сарқынды сулардың шығарылу санын және төгінділердің шамаларын (г/сағ, т/жыл) көрсете отырып, жүргізілген жұмыстың негізгі нәтижелерін қамтуы қажет;
- объект туралы жалпы мәліметтерде негізгі қызмет түрі, меншік нысаны, әрбір алаңдағы шығарылым саны және осы шығарылымдардағы сарқынды сулардың санаты көрсетілген өнеркәсіп алаңдарының саны, қоршаған ортаны ластау көзі ретінде объектінің сипаттамасы бойынша ақпараттар толық ұсынылмаған;
- оператордың сарқынды суларын қабылдайтын су объектісінің және онымен шектесетін

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

өзіне тән объектілердің атауы; су пайдалану санаты; су жинау орындары, демалу және шомылу аймақтары, басқа операторлар, ауыл шаруашылығы алқаптары және т.б. мәліметтер ұсынылуы қажет;
- тазарту құрылыстары, шығару орындары, фондық және бақылау жармалары, мониторингтік және бақылау ұңғымалары көрсетілген оператордың карта-схемасы ұсынылмаған;
- су объектісіне қатысты объектінің орналасқан жерін көрсете отырып, объект ауданындағы су қорғау аймағын, өзіне тән объектілерді көрсете отырып, оператордың орналасу ауданының ахуалдық картасы және жоспары ұсынылмаған;
- ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес оператордың санаты бойынша ақпараттар ұсыну қажет;
- Қоршаған ортаны ластау көзі ретінде объектінің сипаттамалары келесі тармақшаларды қамтуы тиіс және келесі тармақшалар бойынша ақпараттар ұсыну қажет:
1) сарқынды сулардың сапасы мен құрамына әсер ететін өндіріс технологиясының, технологиялық жабдықтың, пайдаланылатын шикізат пен материалдардың қысқаша сипаттамасы;
2) қолданыстағы тазарту құрылыстарының қысқаша сипаттамасы, олардың техникалық жай-күйі мен жұмыс тиімділігін ірілендірілген талдау. "Тазарту құрылыстары жұмысының тиімділігінің сипаттамасы";
3) сарқынды суларды өндірудің қолданылатын технологиясы мен тазарту әдістерінің елдегі және шетелдегі озық ғылыми-техникалық деңгейге сәйкестік дәрежесін бағалау;
4) оператордың сарқынды суларының құрамындағы ластаушы заттардың тізбесін жобаны әзірлеуші не Тапсырыс беруші сарқынды суларды түгендеуді жүргізу негізінде айқындайды
5) Сарқынды суларды әрбір шығару бойынша соңғы 3 жылдағы сарқынды сулардағы ластаушы заттардың шоғырлану деректері беріледі.
6) тазартылғаннан кейін де, тазартылмастан да объектінің ішінде пайдаланылатын, су объектілеріне тасталған немесе басқа операторларға берілген сарқынды сулардың (қайта, қайта - ретімен және айналым жүйелерінде) саны туралы мәліметтер;
7) сарқынды суларды шығару орнына тасымалдауға арналған су шығару құрылғысының және тазарту құрылыстарының (арналар, дюкерлер, құбырлар, сорғы станциялары) конструкциясы туралы мәліметтер.
8) Жол берілетін төгінділерді есептеу үшін пайдаланылатын сарқынды сулардың шығысы туралы деректердің толықтығы мен дұрыстығын негіздеу үшін деректер "су тұтыну және бұру теңгерімі" кестелік түрінде ұсынылады.
- Ағынды суларды қабылдағыштың сипаттамасы бойынша келесі ақпараттарды ұсыну қажет:
1) алып жатқан алаңы туралы мәліметтер;
2) пайдалануға берілген жылы;
3) ағынды сулардың тереңдігі;
4) жинақтауыштың жобалық және нақты көлемі;
5) сүзуге қарсы экранның болуы, сүзу коэффициенті, сұйылту еселігі;
6) мониторингтік ұңғымалар мен жер үсті сулары туралы мәліметтер, зерттеу нәтижелері,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

СЭН асу еселігі;
7) су жинау алаңы;
8) объект орналасқан ауданның метеорологиялық сипаттамасы (жылдық булану, жауын-шашын мөлшері, аэрация аймағының құрылымы мен параметрлері);
9) жақын орналасқан су қорғау аймақтарының, жер үсті суларының, ауыз су мақсатындағы жер асты суларының орналасуы туралы мәліметтер, сарқынды су қабылдағыштың осы объектілерге әсерін талдау, мониторингтік ұңғымаларды зерттеу нәтижелерін қоса бере отырып, "бағалау нүктелеріндегі ластаушы заттардың мониторингтік шоғырлануының серпіні" кестесіне енгізіледі";
10) су объектісінің гидрологиялық режимі және судың фондық құрамы туралы деректер " ластаушы заттардың фондық шоғырлануының динамикасы" кестесінде келтіріледі;
11) су балансын есептеу;
- рұқсат етілген төгінділердің есептемелері дұрыс жүргізілмеген;
- сарқынды сулардың авариялық төгінділерінің алдын алу жөніндегі ұсыныстар бойынша ақпараттар ұсыну қажет;
- жол берілетін төгінділер нормативтерінің сақталуын бақылау жөнінде мәліметтер ұсынылмаған;
- жол берілетін төгінділердің нормативтеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар оператордың экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективалық және жылдық жоспарларына енгізілуге жатады;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 13-қосымшасы ластаушы заттардың фондық шоғырлануының динамикасы ұсынылмаған;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 14-қосымшасы ағынды сулардағы ластаушы заттар концентрациясының динамикасы ұсынылмаған;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 15-қосымшасы Тұтыну және су бұру теңгерімі ұсынылмаған;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 16-қосымшасы ағынды сулардың шығарылымдарын түгендеу нәтижелері толық ұсынылмаған;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 17-қосымшасы тазарту құрылыстары жұмысының тиімділігі толық ұсынылмаған;
- ағынды сулардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтерін есептеу кестесі Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 18-қосымшасына сәйкес ұсынылуы қажет;
- Жол берілетін төгінділер нормативтерінің сақталуын бақылаудың жоспар-кестесі Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 20-қосымшасына сәйкес ұсынылуы қажет;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 21-қосымшасы объект бойынша ластаушы заттардың төгінділерінің нормативтері ұсынылмаған;
- бұрын берілген 11.03.2016 жылғы №KZ43VDC00046924 мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, төгінділердің жылдық шығыны 4,43 мың м3 , ластаушы заттар төгінділерінің көлемі 2,84 т/жыл құраған. Ұсынылған есептемелерге сәйкес, төгінділердің жылдық шығыны 4,43 мың м3, ал, ластаушы заттар төгінділерінің көлемі 7,28114 т/жыл құрайды. Рұқсат етілген төгінділердің есептемелері дұрыс

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

жүргізілмеген.
2. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі «Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығы) 3-қосымшасына сәйкес әзірленбеген.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде:

1) Атмосфералық ауаның жай-күйіне әсерді бағалауда:
- ластану салдарын бағалау және теріс әсерді төмендету жөніндегі іс-шаралар бойынша ақпараттарды ұсыну қажет;
- атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының есептемелері дұрыс жүргізілмеген;
- объектінің әсер ету аймағының шекаралары нақтыланбаған. Антропогендік жүктемеге ұшыраған және ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының таралуын модельдеу арқылы айқындалған аумақ (акватория) әсер ету аймағы болып табылады;
- әсер ету саласының шектері туралы деректер ұсынылмаған;
- моншаны жылыту көзі бойынша ақпараттарды толық ұсыну қажет;
2) Судың жай-күйіне әсерді бағалауда:
- сумен жабдықтау көзінің сипаттамасы, оны шаруашылықта пайдалану, су жинағыштың орналасқан жері, оның сипаттамасын толық ұсыну қажет;
- су қорғау іс-шаралары, олардың тиімділігі, құны және іске асыру кезектілігін ұсыну қажет ;
- рұқсат етілген төгінділердің есептемелері дұрыс жүргізілмеген;
- жерасты сулары бойынша келесі ақпараттарды ұсыну қажет:
1) ауданды сипаттаудың гидрогеологиялық параметрлері, барланған жер асты сулары кен орындарының болуы және сипаттамасы;
2) пайдаланылатын су тұтқыш жиектің қазіргі жай-күйінің сипаттамасы (химиялық құрамы, пайдалану қорлары, қорғалуы), оны қауіпсіз пайдалану үшін жағдайларды қамтамасыз ету, су тартқыштарды санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру қажеттілігі;
3) пайдалану кезеңінде объектінің жер асты суларының сапасына әсерін бағалау, олардың ластану ықтималдығы;
4) жер асты суларының ықтимал ластануы мен сарқылуының салдарларын талдау;
5) жер асты суларын ластанудан және сарқылудан қорғау жөніндегі іс-шаралардың негіздемесі;
6) жерасты суларының экологиялық мониторингі бағдарламасы;
3. Қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары бөлігінде эмиссиялар нормативтері жобасында:
- оператор туралы жалпы мәліметтерде оператордың пошталық мекенжайы, объектімен шектесетін нысандар (тұрғын үй алқаптарының, өнеркәсіптік аймақтардың, ормандардың, ауыл шаруашылығы алқаптарының, көлік магистральдарының, қоныстану аумақтарының, демалыс аймақтарының, қорықтар, ЕҚТА, мұражайлар, сәулет ескерткіштері, санаторийлер, демалыс үйлері және тағы басқа) мәліметтер ұсынылмаған;
- атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көздері көрсетілген объектінің Карта-

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

схемасы ұсынылмаған;
- объектінің орналсақан ситуациялық картасы толық ұсынылуы қажет: орналасқан жерінің ауданы көрсетіле отырып шекарасын белгілеу, шектесетін нысандарға ара қашықтығы бойынша ақпарат ұсыну қажет;
- жылыту қазандығының есептемелері дұрыс жүргізілмеген;
- объектінің әсер ету аймағының шекаралары нақтыланбаған. Антропогендік жүктемеге ұшыраған және ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының таралуын модельдеу арқылы айқындалған аумақ (акватория) әсер ету аймағы болып табылады;
- әсер ету саласының шектері туралы деректер ұсынылмаған;
- моншаны жылыту көзі бойынша ақпараттарды толық ұсыну қажет;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінің 2-қосымшасына « Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарындыларын және олардың көздерін түгендеу бланктері» сәйкес, ластаушы заттар шығарындыларының көздерін толық ескеру қажет;
4. Қалдықтарды басқару бағдарламасында: соңғы үш жылдағы серпіндегі қалдықтармен ағымдағы ахуалдың сандық және сапалық көрсеткіштері; соңғы үш жылдағы қалдықтарды басқаруды талдау, қалдықтарды басқару саласындағы күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді алдын ала талдау негізіндегі мәселелер, үрдістері мен алғышарттар бойынша ақпараттар ұсыну қажет;
5. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары» I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидасының 1-қосымшасына сәйкес әзірленбеген.
6. Ұсынылған жобалық құжаттамаларға сәйкес, моншаны сумен жабдықтау термалды ұңғымадан қарастырылған. Сондықтан, арнайы су пайдалануға рұқсатты ұсыну қажет.

Руководитель управления

Тулепов Галымжан Ануарович

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен маңызы бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.